

Бестөбе №1 жалпы орта білім беретін мектебі

2025-2026 оқу жылындағы
13-23 қазан аралығында
«Балалар кітапханасы» шеңберінде өткізілген
мектеп кітапханасы онкүндігінің есебі



Кітапханашы Кусаинова Г.П.

**2025-2026 оқу жылындағы
13-23 қазан аралығында
«Балалар кітапханасы» шеңберінде өткізілген
мектеп кітапханасы онкүндігінің есебі**

Мектеп кітапханасының онкүндігі «Кітап - әлемдегі құпиялы ұлы ғажайыптардың бірі» атты кітап көрмесімен ашылды. Көрмеге алуан түрлі кітаптап қойылды, оның ішінде әр түрлі жастағы балаларға арналған орыс, қазақ, ағылшын тіліндегі кітаптар, сонымен қатар әр түрлі жанрлардағы кітаптар мен газет-журналдар орын алды. Шолу жасалып, онкүндік жоспары бекііліп, әлеуметтік желілерге салынды.



Кітапхананың онкүндігінің екінші күні 1 «А», «Ә» сыныптары кітап әлеміне саяхаттап келді. Жас оқырмандарға кітапхана туралы мәлімет берілді, абонемент, оқу залы, кітаптардың орналасуы, картотека, оқырман формуляры, кітапхана ережесі мен тәртібі туралы ақпарат берілді. «Кітап-ғажап дос» кітап көрмесі ұйымдастырылып, көрмеге шолу жасалынды. Оқушылар өз тараптарынан аз уақытта жаттаған өлең жолдарын оқы берді. Саяхат соңында оқырман қатарына қабылданды.



Үшінші күні «Балалар кітапханасы» жобасы бойынша 1770 кітаптар тізіміндегі Әлия Беркібаеваның «Дәуіт атайдың ертегілері» кітабының тұсаукесері өткізілді. Шараға 4 «А» сынып оқушылары қатысты, оқушыларға қысқаша мазмұны айтылды, 2-3 ертегілерін өздері оқыды, кітап өте қызықты, тартымды, оқуға оңай жазылған, осы орайда балалар осы кітапқа қызығушылықтарын танытты.



«Менің Отаным – Қазақстан» дәстүрлі кітапханалық кітап көрмесі Республика күніне орай ұйымдастырылды.



Мәнерлеп оқу сағаты «400 тәтті тақпақ» атты Баянғали Әлімжанов кітабы бойынша 4 «Ә» сыныбымен ұйымдастырылды.



7 сыныптармен «Мерзімді басылымда» кітапханалық сабақ өткізілді. Мақсаты бұқаралық ақпаратт

құралдары тур алы білімдерін кеңейту, мектеп кітапханасындағы мерзімді басылым көздерін пайдалана алу.



Барлығы кітапхана онкүндігі аясында 172 оқушылар мен ұстаздар қатысты, есебі жасалынып әлеуметтік желілерге салынды. Онкүндік барысында оқырмандар саны аз да болса көбейіп, кітап беру саны арта түсті. Кітап сүйер оқырмандарымыз көп болсын!!!

Кітапханашы Кусаинова Гульназ Папашевна